

*«Кәмелетке толмағандар арасындағы  
суицидтің алдын алу шаралары туралы»  
мәселесі бойынша тезистер*

---

8.07.2022 ж., 17.00 сағ., ОКҚ

Ішкі істер министрлігі балалардың өз-өзіне қол жұмсауының әр фактісін жеке трагедия ретінде қарастырады.

Ағымдағы жылғы 5 айдың қорытындысы бойынша елімізде кәмелетке толмағандар арасында суицидтік көріністердің саны 15,7%-ға төмендеген (248-ден 209-ға дейін).

54 (-34,5%, 84) жасөспірім қайтыс болды, 155 (-5,5%, 164) өзіне түрлі зақым келтірді.

Әрбір осындай факті бойынша ішкі істер органдары балаларды өз - өзіне қол жұмсауға итермелеген себептерді және оған қатысы бар адамдарды анықтау тұрғысынан сотқа дейінгі тергеп-тексерулер жүргізеді (ҚК 105-бабы 3-бөлігі).

Кәмелетке толмағандарды өз-өзіне қол жұмсауға жеткізу фактілерін тергеу сапасын арттыру үшін жаңа тәсілдер мен әдістемелік ұсынымдар әзірленді.

Бүгінгі күні тергеушілер тергеу әрекеттерінің негізгі кешенінен басқа, мысалы: оқиға болған жерді тексеру, оқиғаның мән-жайын анықтау, баланың жеке басын, оның өмірлік белсенділігін, қарым-қатынас шеңбері мен мүдделерін қосымша зерттейді.

Жеке гаджеттер, басқа компьютерлік техника тексеріледі, әлеуметтік желілер мен мессенджерлердегі қарым-қатынас шеңбері зерттеледі, сот компьютерлік-техникалық сараптамалар тағайындалады (компьютерлік техниканы немесе басқа компьютерлік тасымалдағыштарды зерттеу үшін).

Бұдан басқа, баланың психикалық жай-күйі және суицидтік мінез-құлықтың даму себептері туралы мәселелерді шешу үшін кешенді сот психологиялық-психиатриялық сараптама, оның ішінде қайтыс болғаннан кейінгі сараптама жүргізіледі.

Алынған өлім туралы жазбаларға сәйкес, оны жазу кезінде авторлықты және психологиялық және эмоционалды жағдайды анықтау үшін сот-қолжазба сараптамалары тағайындалады.

**14 жасқа толмаған кәмелетке толмаған адамның қатысуымен болған барлық тергеу әрекеттеріне міндетті түрде психолог тартылады (ҚІЖК-нің 215-бабы).**

Көрсетілген жастан жоғары мұндай мамандарды тарту тергеушінің қалауы бойынша жүзеге асырылады.

Дегенмен, біз іс жүргізудегі барлық осындай қылмыстық істер бойынша психологтарды міндетті түрде тартуға тапсырма бердік.

Тергеу көрсеткендей, балалар суицидінің негізгі себептері: отбасында ата - аналарымен, туыстарымен жанжалдар - **13** (6,2%), жалғыздық сезімі - **5** (2,4%), оқу орнындағы жанжалдар - **6** (2,9%), жақын адамын жоғалтуы - **1** (0,5%), өзге де - **150** (*жауапсыз махаббат, нашар үлгерім, ауру және т.б.*).

**34** (16,3%) жағдайда суицид себептері анықталған жоқ.

Алайда, бұл әрекеттер қылмыстық жазаланатын әрекет белгісі емес, отбасылық және жеке қарым-қатынастың әлеуметтік-психологиялық аспектісіне ие.

Тергеу нәтижелері бойынша ҚК-нің 105-бабы 3-бөлігі бойынша тіркелген қылмыстық істердің **89%** - ы қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты іс жүргізумен тоқтатылды.

Сонымен қатар, біздің балаларымыз қиын өмірлік және отбасылық проблемаларға төтеп бере алмайтын стресстік жағдайларға дайын емес екенін атап өтеміз.

Ал нәзік психиканың аясында жасөспірімдер қазіргі жағдайға наразылық білдірудің бір түрі ретінде өз өмірлерін қиюға шешім қабылдайды.

Мысалы, суицидтердің көпшілігі және олардың әрекеттерін, бұл шамамен **58%** (122), 15-17 жас аралығындағы балалар жасайды.

Балалардың **69%** (144) толық отбасында тәрбиеленген.

Шын мәнінде, кәмелетке толмағандар өз-өзіне қол жұмсауға бейім, өз проблемаларын шешуде жалғыз қалады.

Осыған байланысты, мүдделі мемлекеттік органдар жасөспірімдер ортасында, отбасында және жалпы қоғамда қалыпты өзара қарым-қатынас құру, сондай-ақ «тағдырдың соққысына» қарсы тұру дағдыларын қалыптастыру және әлеуетті суициданттарды анықтау бойынша жүйелі жұмыс жүргізуді қамтамасыз етуі қажет.

Біз жасөспірімдер арасында суицидтің алдын алу бойынша шет елдердің тәжірибесін зерделедік.

Мысалы, **Ресейде** осы құбылысқа қарсы тұру саясатын тиімді құру үшін мамандандырылған суицидологиялық қызметтер құрылды.

**Швеция** мектептерінде оқушылар арасында суицидтің алдын алу бойынша бағдарламалар жұмыс істейді.

**Жапонияда** мемлекеттік органдар жақындары бұрын өз-өзіне қол жұмсаған адамдарға ерекше назар аударады.

**ДДҰ ұсынымы** бойынша тиімді шаралар:

- БАҚ-та өзін-өзі өлтіруді жариялауға жауапты көзқарас, өйткені мұндай фактілер туралы жарияланымдар олардың өсуіне себеп болады;

- жасөспірімдерге стрестік жағдайларды жеңуге мүмкіндік беретін өмірлік дағдыларды дамытуға қолдау көрсету, мұндай адамдарды ерте анықтау, оларға көмек көрсету.

Отандық ғалымдардың пікірінше, Қазақстанда **психологиялық қызметті дамыту** қажет.

Батыс елдерінде суицидке әрекет жасаған жағдайда жасөспірімге ғана емес, сонымен бірге оның бүкіл отбасына отбасылық психологтардың консультациялары тағайындалады.

Бұл ретте барлық мәселелерді шешу үшін бару қажет етілетін психологиялық сессиялардың міндетті саны анықталады.

Бұдан басқа, білім беру органдарында кәмелетке толмағандар арасында суицидтік көріністерді ерте анықтау әдістемесін жетілдіру, сондай-ақ суицидологтардың санын арттыру мәселесін қарау орынды деп санаймыз.

---